

ӘОЖ 327 “71”

А.О. Каримсаков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
халықаралық қатынастар факультеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: asyl23@mail.ru

Қазақстан Республикасының Ислам конференциясы ұйымына төрағалық етуі және оның нәтижелері

Қазақстанның Ислам конференциясы ұйымының (ИКҰ) қызметіне белсенді қатысуы және 2011 жылы ұйымның Сыртқы істер министрлері Кеңесінде төрағалық етуі еліміз үшін маңызды оқиға болды. Бұл төрағалық ұйымның күн тәртібіндегі мәселелерге оңтайлы ықпал етуге, олардың маңыздылығын арттыруға, халықаралық қақтығыстарды реттеу жолдарын іздестіруге және осы бағытта сыртқы саяси бастамаларды ұсынуға мүмкіндік туғызды және ислам әлемінің жетекші елдерімен екіжақты қатынастардың дамуына септігін тигізді.

Әрине, бұл мүмкіндіктердің барлығын бірдей қолдану мүмкін емес. Өйткені ұйымның күн тәртібінде тұрған бір ғана Палестина мәселесінің өзі жарты ғасырдан астам уақыттан бері шешімін таппай келе жатқан мәселе және ол көтерілген жағдайда да мүше мемлекеттердің көптігіне байланысты мәселеге қатысты ұстанымдардың да жақындасу нүктелері алшақтап кететіндігі белгілі. Бұл өз кезегінде ұйым қызметінің нәтижесіздігін, мәселелерді шешудегі қауқарсыздығын көрсетеді. Сондықтан төрағалық кезінде Қазақстан екіжақты және көпжақты байланыстарды дамытуға, әсіресе экономикалық және гуманитарлық бағытқа басты назар аударды. Солардың ішінде атап өтетін болсақ, Ислам даму банкі сияқты ұйымның қаржылық құрылымдарымен, арнайы институттарының ішінде сауда және экономикалық ынтымақтастық бойынша тұрақты Комитетімен байланыстар нығайтып келеді. Бұған мысал ретінде елімізде исламдық банкінің дамып келе жатқандығын жатқызуға болады.

Түйін сөздер: төрағалық, күн тәртібі, басымды бағыт.

A.O. Karymsakov

Presidency of the Republic of Kazakhstan in the Organization of the Islamic Conference and its results

The active participation of the Republic of Kazakhstan in the Organization of the Islamic Conference (OIC), and the chairmanship of the Council of State for Foreign Affairs was an important event to our country. This presidency has affected cleverly come to the agenda of the organization, increase their importance, to find ways of resolving international conflicts, and also provided an opportunity to offer in the same direction of foreign policy initiatives and contributed to the development of bilateral relations with the developed countries of the Islamic world. Of course, equally apply these features are not possible. Because only one question of Palestine on the agenda for more than half a century, the organization can not find solutions, even when it is picked up, it is known that due to the many members of the point of convergence of positions in relation to this issue differ. This in turn would indicate failure of the organization, their inability to resolve the issues. Therefore, during the presidency of Kazakhstan drew attention to the development of bilateral and multilateral relations, especially economic and humanities. If you list some of them, ties are strengthening with financial institutions of the organization as the Islamic Development Bank, with specialized institutions such as the Standing Committee on Trade and Economic Cooperation. As an example of this is the fact that in our country is developing Islamic banking.

Key words: presidency, agenda, the main direction.

А.О. Каримсаков

Председательство Республики Казахстан в Организации Исламской конференции и его результаты

Активное участие Республики Казахстан в Организации Исламской конференции (ОИК), а также председательство в Совете Министров иностранных дел в 2011 году стало для нашего государства важным событием. Это председательство повлияло на вопросы повестки дня организации, увеличило их значительность, а также дало возможность найти пути урегулирования международных конфликтов, предложить в этом же направлении внешнеполитической инициативы и содействовало развитию двусторонних отношений с развитыми странами исламского мира.

Конечно, решить их сразу не возможно. Потому что вопросы одной только Палестины, стоящие на повестке дня организации, свыше полвека не находят решения и даже при его поднятии, известно, что мнения государств с точки сближения позиции по отношению к этой проблеме расходятся.

Это, в свою очередь, показало бы безрезультатность деятельности организации, неспособность им решения вопросов. Поэтому во время председательства Казахстан обратил внимание на развитие двусторонних и многосторонних связей, особенно на экономическое и гуманитарное направление. Если перечислить некоторые из них, то укрепляются связи с финансовыми структурами организации, как Исламский банк развития, специализированными институтами, как Постоянный комитет по торговому и экономическому сотрудничеству. При мером к этому можно отнести то, что в нашей стране развивается исламский банкинг.

Ключевые слова: председательство, повестка дня, главное направление.

Қазақстандық төрағалықтың күн тәртібінің басымды бағыттары Душанбеде өткен ИКҰ СІМ 37-Кеңесінде белгілі болды. ҚР мемлекеттік хатшысы және Сыртқы істер министрі қызметін атқарған Қ. Саудабаев ИКҰ және ЕҚЫҰ, ИКҰ және АӨСШК арасындағы байланыстарды дамыту бастамасын ұсынды. Ол, сонымен қатар ОА-ның ең аз дамыған елдеріне, соның ішінде Қырғызстан және Ауғанстанға қаржылық-экономикалық көмек көрсету бойынша ұзақмерзімді бағдарламаны қабылдауға шақырды.

Қазақстандық сарапшылар күткендей, 2011 жылы ИКҰ шеңберінде өткен саяси пікірталастарға араб-израиль қақтығысын реттеу механизмдерін іздеу, Ирак және Ауғанстан территорияларындағы қақтығыстар, АҚШ және Иран арасындағы қарсыласудың күшеюі және пәкістандық ядролық арсеналдың қауіпсіздік мәселелері ықпал етті [4]. Бұның барлығы ИКҰ жұмысының нәтижелі болуына жағдай жасайтын өзара келісілген шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру құралдарының жетіспеушілігі, резолюциялардың декларация күйінде қала беруі үлкен кедергі болып табылады. Бұдан басқа ұйымның жетекші мемлекеттер мүдделерінің қарама-қайшылығы белгілі-бір деңгейде кері ықпал етеді. Мысалы, Иран өзінің ұлттық ядролық бағдарламасын жүзеге асыру барысында сыртқы күштер ықпалын төмендетуді көздесе, Сауд Арабиясы керісінше аймақтағы ядролық бағдарламалар жарысы қауіпін тоқтатуға тырысады. Ал кейбір мемлекеттер үшін керісінше, экономикалық даму мәселелері бірінші кезекте тұр.

Осыған байланысты төраға ретіндегі Қазақстанның алдында келесідей:

- ұлттық ядролық бағдарламаны тоқтатуда мәмілеге келмейтін Иранның қатаң ұстанымы;
- палестиндік-израильдік реттеу тәсілдерінің әртүрлілігі;

– АҚШ-тың Иракта жалғастырып отырған әскери кампаниясы және оның аймақтағы салдары;

– қазіргі кездегі Ауғанстандағы бітімгершілік әрекеттердің нәтижесіздігі, сонымен бірге ұйымға мүше-мемлекеттер арасындағы аталған қарама-қайшылықтар бойынша өзіндік нақты ұстанымдарын анықтау мәселесі де тұрды. Өйткені аталған мәселелердің кез келген біреуі ушыққан жағдайда ИКҰ-ның әрекет ету қабілетінің бәсеңдегенін көрсеткен болар еді. Сондықтан Қазақстан өзінің төрағалық қызметінде пікірталастардың ушығуына жол бермеуге, ислам елдерінің халықаралық саясатын біріктіретін механизмдерді іске қосуға тырысты деп айтуға болады.

Бұл механизмдер келесідей басымды бағыттарды талқыға салу арқылы жүзеге асыру мүмкін болды:

1. Экономикалық ынтымақтастықты нығайту жолдары, болашағы.
2. Исламдық банкинг, халал индустриясын дамыту, оның мүмкіндіктерін кеңейту.
3. Лаңкестік, діни экстремизмге қарсы әрекет.
4. Исламофобиямен күресу жолдары және мұсылмандар құқығын қорғау мәселесі.
5. Жоғары білім, ғылым және техника саласындағы ынтымақтастық.

ИКҰ-ның онжылдық әрекеттер жоспарында ислам әлемінің алдында тұрған маңызды қатерлер көрсетілген [1]. Идеялық-саяси салада сабырлылық және толеранттылық құндылықтарын бекіту мәселелері, экстремизм және зорлық-зомбылықтан бас тарту, лаңкестік және исламофобиямен күресу, мұсылман елдерімен ынтымақтастықты дамыту және олардың арасындағы қақтығыстарды тоқтату, Палестина мәселесі, мұсылмандық қауымның құқықтары, біржақты санкциялардан бас тарту сияқты мәселелер бар. Бұл мәселелердің шешілуі тиімді стратегияны қалыптастыру арқылы жаңа міндеттерді талап етеді.

Соңғы жылдары мұсылмандар құқығының бұзылу фактілері кең тарап отыр. Ол Батыстың дәстүрлі христиандар мекендейтін елдерінде мұсылмандардың көбеюінің және осыған байланысты әлеуметтік және саяси жанжалдардың туындауының салдарынан болып отыр. Көбінесе діннің сыртқы атрибуттарына қатысты мәселелер жиі кездеседі, мысалы, хиджаб кию, сондай-ақ экстремизм бойынша жазғыруларға негізделген құқыққа қайшы келетін жазалау әрекеттерін жатқызуға болады.

Келеңсіз тенденциялардың қатарына әлемде орын алып жатқан исламофобияны да жатқызуға болады. Ислам қағидаларының бұрмалануы мұсылмандардың діни сезімдеріне тіл тигізуіне және олардың негізгі құқықтарының бұзылуына алып келуде [2]. Бұл мәселе Қазақстанды да айналып өтпесі анық. Дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы, исламның қоғамдағы рөлі қандай болуы керек, бұл – біз үшін өте көкейкесті мәселе. Ислам экономикалық және әлеуметтік өмірде, дәстүрді сақтауда, қоғамның жан-жақты дамуында оңтайлы рөл атқаруы тиіс.

Қазіргі кезде ИКҰ-ның экономикалық потенциалы өсіп келеді. 2000 жылы ұйымға мүше мемлекеттердің ЖІӨ 3,7 трлн. АҚШ долларын құраса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 7,5 трлн.-ға жеткен. Бұл әлемдік деңгейдің 12,03%-ын құрайды. Бұл көрсеткіштер ИКҰ-ның әлемдік экономикадағы салмағының өсіп келе жатқандығын көрсетеді. Бұған қоса ОПЕК-тің 12 мүшесінің 9-ы ИКҰ-ға мүше-мемлекеттер. Ал мұнайдың әлемдік қорының 2/3 бөлігі және әлемдік мұнай өндірісінің 40%-ы ОПЕК-ке тиесілі. ИКҰ-ға мүше елдердің сауда көлемінің өсу факторларының бірі – мұнайдың әлемдік бағаларының өсуі болып табылады. Ұйымға мүше ЖІӨ ірі көлемде болған мемлекеттерге Индонезия, Түркия, Иран, Сауд Арабиясы жатады. Қазақстан 12-ші орында тұр [3]. Бұл елдердің экономикалық және энергетикалық потенциалын ескере отырып, экономика және ғылым саласында мұсылмандық елдердің даму және өркендеу деңгейлерін жоғарылатуға мүмкіндіктері бар.

Экономикаға ислам қағидаларын енгізу, әсіресе әлемдік экономикалық дағдарыстан кейін маңызды бола түсті. Жаңа қағидалар банк қызметі саласында қажет, өйткені бүгінгі күнгі әлемге әділетті қаржы жүйесінің қажеттілігін осы дағдарыс көрсетіп берді. Ислам экономикасының құндылығы, оның әлеуметтік бағдарында, пай-

да табуды емес, халықтың мүддесін көтеруді бірінші орынға қоюында болып отыр.

Ислам қағидаларын экономикаға енгізу шеңберіндегі Қазақстандағы қабылданған шаралар, ең алдымен, еліміздегі халал индустриясының дамуымен байланысты. Осы саладағы ахуалды қарастыратын болсақ, 2000 жылы Қазақстанда «Халал» техникалық комитеті құрылды, елдегі 15 кәсіпорынға сертификаттар берілді. Азық-түлік халал өнімдерін шығарумен айналысатын кәсіпорындардың басқа да халал-косметика, халал-фармацевтика салаларын дамыту тенденциялары орын алып келеді. Бұл салада Қазақстан ұйымға төрағалық шеңберінде кіші және орта бизнесті қолдау Қорын құру бастамасын ұсынды.

ИКҰ-ның 2006-2016 жылдарға арналған он жылдық әрекеттер жоспарында экономиканы диверсификациялау және интеграциялық үрдістерді жандандыру бағыты орын алған. Жоспарда көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыруда Қазақстан экономикалық ынтымақтастықтың 4 бағытын анықтады – сауда, транспорт, туризм және қаржы.

Қазақстан ИКҰ мүше-мемлекеттеріне бидай, ұн, арпа, жем, тыңайтқыш, сонымен қатар мұнай және мұнай өнімдері, болат, құбырлар және металл өнімдерін экспорттайды. Біздің елімізге ИКҰ-ға мүше елдерден киім, жиһаз, автокөліктер, дәрі-дәрмек, косметика, бояулар, құрал-жабдықтар келеді. Сауда-экономикалық ынтымақтастықтың жандануына бірлескен өнеркәсіптер үлкен үлес қосып отыр. Бұл саланы дамытуға бағытталған бірқатар жобалар да жүзеге асып келеді. Мысалы, ИКҰ шеңберінде сауда және экономикалық ынтымақтастық бойынша тұрақты Комитет өз қызметін атқарып келеді. Айта кету керек Қазақстан осы комитет төрағасының орынбасары ретінде тағайындалды. Азық-түлік саласында өзара көмек көрсету жүйесін құру мақсатында азық-түлік қауіпсіздігі Қорын құру бастамасын алға тартты. Қазіргі кезде осы ұсыныстың жүзеге асу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазақстанның ИКҰ-мен экономикалық қатынастарының дамуының көрінісі ретінде елімізде исламдық қаржыландыру және исламдық банк жүйесі туралы заңның қабылдануын айтуға болады.

Қаржы саласында 2003-2009 жылдар аралығында қазақстандық банктер тарапынан 29 исламдық қаржы институтынан 538 млн АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылған.

Қазақстанда араб, исламдық инвесторларды көбейту мақсатында 2004 жылы «Инвестициялық қорлар» жөніндегі ҚР Заңына «Исламдық инвестициялық қорлар» бабы енгізілді.

Инвестицияларды тарту үдерісі Қазақстанда исламдық банктердің ашылуымен де жүріп отыр. Мысалы, 2010 жылы 17 наурызда ашылған «Al-Nihal» банкіне банктік операцияларды жүргізуге лицензия берілді. Исламдық банкинг, әсіресе экономикалық дағдарыс және дағдарыстан кейінгі экономикалық даму кезеңінде тиімді қаржылық құрал ретінде маңыздылығы өте зор. Қаржы, банк саласындағы ынтымақтастықтың кеңеюі еліміздегі инвестициялық көлемнің көбеюіне септігін тигізеді.

Қазіргі кезде транспорттық дәліздерді кеңейту жобалары да жүзеге асып келеді. Мысалы, Ақтаудан Түрікменстанға дейін және ирандық шекараға дейінгі теміржолдың құрылуы Парсы шығанағына апаратын трансирандық магистральға қосылуға мүмкіндік туғызады.

2011 жылы 28-30 маусым аралығында Астанада өткен сыртқы істер министрлерінің 38-Кеңесінде Ислам конференциясы ұйымы Ислам ынтымақтастық ұйымы (ИБҰ) болып өзгерілуі бұл ұйымның мәселені кеңесіп шешетін алаңнан ауқымды өзара әрекет ететін алаңға айналғандығын көрсетеді.

2011 жылы маусым айында Астанада VII-ші Әлемдік Исламдық Экономикалық форум өткізілді. Форум шеңберінде исламдық банкинг, қаржы құрылымдарын, халал индустриясын дамыту мәселелері кеңінен қарастырылды. Бұндай шаралар экономика саласындағы исламдық құндылықтардың орнын және оның маңыздылығын анықтауға септігін тигізеді.

Осыдан үш жыл бұрын ИКҰ-ға мүше-

мемлекеттер ұйым кеңістігінде әйелдер құқықтарын дамыту бойынша әрекеттер жоспарын қабылдады. Осы мақсатта әйелдер мәселелері бойынша Исламдық орталықтың ашылуы көзделді. Сонымен қатар 2009 жылы Душанбеде Сыртқы істер министрлерінің саммитінде қабылданған резолюцияға сәйкес, отбасы мәселелері бойынша ИКҰ-ның арнайы Департаменті ашылды. Бұл тақырып бойынша маңызды шара ретінде ИКҰ-ның 2012 жылы Астанада мұсылман әлемі әйелдерінің мәселелері бойынша халықаралық конференция өткізілді.

Бұдан басқа, ИКҰ-ның әлеуметтік-экономикалық және мәдениет саласындағы қызметі аясында Қазақстан денсаулық сақтау бойынша денсаулық сақтау министрлерінің 3-ші конференциясын, ғылым, технология, мәдениет, білім беру, экология салалары бойынша шаралар өткізді. Сонымен қатар ИКҰ-ның су концепциясының қабылдануына өз үлесін қосты, Сирия және Сомали мемлекеттеріне гуманитарлық көмек көрсетудегі қызметін және ұйымның Орталық Азиямен ынтымақтасудың әрекеттер жоспарын орындады. Мысалы, Сомалидегі гуманитарлық дағдарыстың салдарын жоюға 350 млн. АҚШ долларын жұмылдыра алды, ал сириялық босқындардың қажеттіліктеріне Қазақстан өз тарапынан 200 млн. доллар бөлді [5].

Қорыта келгенде, қазіргі кезде әлемде болып жатқан экономикалық дағдарысқа, араб әлеміндегі саяси толқуларға қарамастан, Қазақстан өз міндетін жауапкершілікпен атқарды. Қазақстанның ИБҰ-ға төрағалық етуі ұйымға мүше мемлекеттер тарапынан жоғары бағаланды және бұл еліміз үшін үлкен жетістіктердің біріне айналды. 2012 жылдың қараша айында өткен ИБҰ СІМ-нің 39-шы Кеңесінде төрағалық Джибути мемлекетіне өтті.

Әдебиеттер

- 1 Лама Шариф К.К. К председателству Казахстана в Организации Исламская Конференция. – Алматы, 2010. – С.36
- 2 Islamophobia // OIC journal Issue 1. www.oic-oci.org/english-article/islamophobia.htm
- 3 Алшанов Р. Казахстан и ОИК // Казправда, 24.12.2010
- 4 Майер Н. Казахстанское представительство в ОИК // Деловой Казахстан, 14.01.2011.
- 5 Королев А. Казахстан передает эстафету председательства в ОИС // zakon.kz, 24.11.2012. <http://www.zakon.kz/4525052-kazakhstan-peredaet-jestafetu.html>

References

- 1 Lama Sharif K.K. K predsedatel'stvu Kazakhstana v Organizatsii Islamskaya konferentsiya. – Almaty, 2010. – P. 36.
- 2 Islamophobia//OIC journal Issue 1. www.oic-oci.org/english-article/islamophobia.htm
- 3 Alshanov R. Kazakhstan I OIK//Kazpravda,24.12.2010
- 4 Mayer N. Kazakhstanskoe predsedatel'stvo v OIK//Delovoi Kazakhstan, 14.01.2011
- 5 Korolev A. Kazakhstan peredaet estafetu predsedatel'stva v OIS//zakon.kz, 24.11.2012. <http://www.zakon.kz/4525052-kazakhstan-peredaet-jestafetu.html>